

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 10 қаңтарда № 7852-15 болып тіркелді

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелді) бекітілген, өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 20 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26742 болып тіркелді) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Нурмухамбетов*

Солтүстік Қазақстан

облысы әкімдігінің

2025 жылғы 9 қаңтардағы

## **Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме), "Масс-медиа туралы" Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелді) сәйкес әзірленді және өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритімін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құны (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі үшін базалық бағалардың құны бұқаралық ақпарат құралдарынан баға ұсыныстарын жинау жолымен айқындалады және осы әдістеменің қосымшасына сәйкес ұсынылған ең төмен құнмен белгіленеді.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін  $P_n = V_n \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_n$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

$V_n$  – газетте орналастырылатын, бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

$V$  – газетте орналастырылатын, см<sup>2</sup>-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

$K_q$  – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;  
10 000 данаға дейін – 0,65;  
5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін  $P_m = V_m \times V \times K_q$  формуласы бойынша, онда:

$P_m$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

$V_m$  – журналда орналастырылатын, бір см<sup>2</sup> көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

$V$  – журналда орналастырылатын, см<sup>2</sup>-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

$K_q$  – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;  
10 000 данаға дейін – 1,1;  
8 000 данаға дейін – 1;  
5 000 данаға дейін – 0,9;  
3 000 данаға дейін – 0,8;  
1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны  $P_i = V_i \times V \times K_q$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_i$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

$V_i$  – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

$V$  – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

$K_q$  – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;  
айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;  
айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;  
айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;  
айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны  $P_{tv} = V_{tv} \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$P_{tv}$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны;

$V_{tv}$  – телевидениеде орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундтің, минутының, сериясының базалық бағасы;

$V$  – телевидениеде орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі

Егер өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевидениеде көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевидениеде көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (Btv) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны  $Pr=Bv \times V$  формуласы бойынша айқындалады, онда:

$Pr$  (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

$Bv$  – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

$V$  – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
бойынша бұқаралық ақпарат  
құралдарында мемлекеттік  
ақпараттық саясатты жүргізу  
үшін сатып алынатын көрсетілетін  
қызметтердің құнын айқындау  
әдістемесіне қосымша

**Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі базалық бағалар**

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Облыстың, қалалардың және аудандардың атауы	2025 жылға арналған базалық баға (теңге)	2026 жылға арналған базалық баға (теңге)	2027 жылға арналған базалық баға (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақстан Республикасының (Bn) аумағында таратылатын баспа басылымдарында (газетте) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру)	шаршы сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	500	528	557
	Солтүстік Қазақстан облысының (					

2	В п ) аумағында таратылатын б а с п а басылымдары н д а газеттерде) көрсетілетін қызмет ( ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру)	ш а р ш ы сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	180	190	200
3	Петропавл қаласының ( В п ) аумағында таратылатын б а с п а басылымдары н д а (газетте) көрсетілетін қызмет ( ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру)	ш а р ш ы сантиметр	Петропавл қаласы	120	127	134
4	Аудандар аумағында ( В п ) таратылатын б а с п а басылымдары н д а (газетте) көрсетілетін қызмет ( ақпараттық материалды дайындау ж ә н е орналастыру)	ш а р ш ы сантиметр	аудандар	120	127	134
5	Солтүстік Қазақстан облысының ( В п ) аумағында таратылатын б а с п а басылымдары н д а журналда)	ш а р ш ы сантиметр	Солтүстік Қазақстан облысы	160		178

	көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалды дайындау және орналастыру)				169	
6	Республикалық маңызы бар (Ві) мәселелерді жариялайтын интернет-ресурста ақпараттық материалды дайындау жөніндегі (орналастыру) көрсетілетін қызметі	символ	Солтүстік Қазақстан облысы	200	211	223
7	Өңірлік маңызы бар мәселелерді (Ві) жариялайтын интернет-ресурста ақпараттық материалды дайындау жөніндегі (орналастыру) көрсетілетін қызметі	символ	Солтүстік Қазақстан облысы	30	32	33
8	Өңірлік маңызы бар (Ві) мәселелерді жариялайтын интернет-ресурста бейнеролик дайындау жөніндегі (орналастыру) көрсетілетін қызметі	секунд	Солтүстік Қазақстан облысы	167	176	186
	Қазақстан Республикасының аумағында (Вtv)					

9	таратылатын міндетті теле - , радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (сюжеттерді шығару және орналастыру)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	573 333	604 866	638 134
10	Міндетті теле - , радиоарналар (Btv) тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторы тарататын еркін қол жетімді теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарда көрсетілетін қызмет (сюжеттерді, бағдарламаларды, бейнероликтерді шығару және орналастыру)	минут	Солтүстік Қазақстан облысы	14 300	15 087	15 916